

«Home Credit Bank» АҚ
Директорлар кеңесінің
Шешімімен БЕКІТІЛГЕН
31 шілде 2024ж.
№24/2024 хаттама

«СТАНДАРТТЫ» ӨНІМІ БОЙЫНША
БАНКТИК ДЕПОЗИТТИК СЕРТИФИКАТТАРДЫ
ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ
ШАРТТАРЫ

«HOME CREDIT BANK»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
(«HOME CREDIT BANK» АҚ)

Алматы қ., 2024 жыл

Анықтамалық ақпарат

Атауы:	«Стандартты» өнімі бойынша банктік депозиттік сертификаттарды шығару және қызмет көрсету шарттары				
Нұсқа:	9.5				
Бөлімше – жауапты әзірлеуші:	Бөлшек қорландыру департаменті				
Қол жеткізу деңгейі:	Жалпы				
Жауапты әзірлеуші:	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы	Күні	Байл. тел.
	Оффлайн қорландыру өнімдерін дамыту бөлімінің сарапшысы	Сағымбекова А.			

Құжатқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың хронологиясы

Орындаушының аты-жөні	Нұсқасы	Сипаттамасы	Күні
МаксUTOBA A.	1.0	Жаңа өнімдердің енгізілуіне байланысты жаңа шарттар әзірленді.	27.09.2019
МаксUTOBA A.	2.0	Мобильді қосымшада өнімнің іске қосылуына байланысты	29.11.2019
Илимжанова A.	3.0	Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты	28.09.2020
Илимжанова A.	4.0	Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне, шарттарға қол қоюға уәкілетті тұлғалардың тізімін кеңейтуге байланысты.	30.04.2021
Илимжанова A.	5.0	Банктік депозиттік сертификаттың максималды сомасының өзгеруіне байланысты	10.07.2021
Илимжанова A.	5.1	Уәкілетті тұлғалар тізімінің өзгеруіне байланысты	19.11.2021
Акжаркенов H.	5.2	Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты	10.01.2022
Акжаркенов H.	5.3	Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне, сондай-ақ сыйақы мөлшерлемесінің жеке өсуінің қосымша шарттарына байланысты	31.01.2022
Акжаркенов H.	5.4	Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты	10.03.2022
Акжаркенов H.	6.0	Ұстаушылар үшін сыйақы мөлшерлемесін ұлғайту шарттарының толықтырылуына, сондай-ақ қайта сатып алу шартына байланысты	31.03.2022
Акжаркенов H.	7.0	Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты	07.04.2022
Акжаркенов H.	7.1	Сыйақы мөлшерлемесінің жеке өсу шарттарын толықтыруға байланысты	31.05.2022
Акжаркенов H.	7.2	Сыйақы төлеу үшін шотты өзгерту және сыйақы мөлшерлемесін өзгерту мүмкіндігін толықтыруға байланысты	29.07.2022

Акжаркенов Н.	8.0	Банктің қайта тіркеуіне байланысты	31.08.2022
Акжаркенов Н.	8.1	Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты	28.10.2022
Акжаркенов Н.	8.2	БДС сатып алу мерзімін толықтыруға байланысты	23.12.2022
Акжаркенов Н.	9.0	Сыйақы төлеу кезеңділігінің өзгеруіне байланысты	24.03.2023
Акжаркенов Н.	9.1	Сыйақы мөлшерлемесінің жеке өсу шарттарын толықтыруға байланысты	31.07.2023
Сағымбекова А.	9.2	Жаңа мерзім мен сыйақы мөлшерлемесін толықтыруға байланысты.	31.10.2023
Сағымбекова А.	9.3	Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты	31.01.2024
Сағымбекова А.	9.4	Максималды соманың өзгеруіне байланысты	14.02.2024
Сағымбекова А.	9.5	Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты	31.07.2024

1. Жалпы шарттар

1. «Стандартты» өнімі бойынша банктік депозиттік сертификаттарды шығару және оларға қызмет көрсету шарттары (бұдан әрі – Шарттар) «Банктік депозиттік сертификаттарды шығару және олардың айналысы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 264 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Осы Шарттарда келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) **Банк** – «Home Credit Bank» АҚ;

2) **Банктік депозиттік сертификат** – оны шығару талаптары үшін белгіленген айналыс мерзімі біткеннен кейін оның нақты құнын, сондай-ақ Шарт талаптарында белгіленген мөлшерде сыйақы алуға оның Ұстаушысының құқығын куәландыратын Банк шығарған эмиссиялық емес атаулы бағалы қағаз;

3) **Ұстаушы** – жеке шотында банктік депозиттік сертификат бар жеке тұлға;

4) **Шарт** – Банк пен Клиент арасында жасалатын, банктік депозиттік сертификатты шығару және өтеу талаптарын, сондай-ақ Ұстаушы мен Банктің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын банктік депозиттік сертификаттарды сатып алу-сату шарты;

5) **Клиент** – Банкпен Шарт жасасқан немесе оны жасасуға ниет білдірген жеке тұлға;

6) **Жеке шот** – мәмілелерді тіркеу және банктік депозиттік сертификаттар бойынша құқықтарды есепке алу мақсатында Ұстаушыны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін Банк жүйесіндегі жазбалар жиынтығы;

7) **Мобильді қосымша** – клиентке банктік депозиттік сертификатты сатып алу мүмкіндігін беретін, Android және iOS платформалары үшін Google Play және AppStore дүкендерінен жүктеуге болатын «Home Credit Bank Kazakhstan» қосымшасы. Мобильді қосымша арқылы банктік қызметтерді ұсыну тәртібі Банкте жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсету шартымен анықталады;

8) **Өнім** – жасалған Шарт шеңберінде Банк пен Ұстаушының қатынастарын және банктік депозиттік сертификаттарды шығарудың және оларға қызмет көрсетудің қолданылатын шарттарын реттейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен реттелетін қаржылық параметрлердің, талаптардың, оның ішінде технологиялық операциялардың жиынтығы;

9) **Жұмыс күні** – мереке және демалыс күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында Алматы уақыты бойынша сағат 09.00-ден 17.00-ге дейінгі уақыт кезеңі. Осы уақыт аралығында Банк бұйрықтарды қабылдауды, өңдеуді, жеке шоттар бойынша операцияларды тіркеуді және банктік депозиттік сертификаттарға қызмет көрсету бойынша өзге де операцияларды жүзеге асырады. Бұл ұғым Мобильді қосымшада банктік депозиттік сертификатты сатып алу процесіне қатысты қолданылмайды.

10) **Ағымдағы шот** – тиісті шартта көзделген тәртіппен және шарттар бойынша банктік операцияларды жүзеге асыру үшін Клиентке Банк ашатын операцияларды есепке алуға арналған банктік шот. Ұстаушы 6-қосымшаға сәйкес жазбаша өтініш бойынша Банк сыйақы мен банктік депозиттік сертификаттың номиналды құнын төлеуді жүзеге асыратын Ағымдағы шотты өзгертуге құқылы;

11) **UFO жүйесі** – Банктік депозиттік сертификаттарды есепке алуға арналған Банктің ақпараттық жүйесі;

12) **Дебет карточкасы** – Ағымдағы шоттағы Клиенттің өз ақшасына қол жеткізу құралы болып табылатын төлем карточкасы.

2. Банктік депозиттік сертификаттарды шығару тәртібі

3. Банктік депозиттік сертификаттарды шығару Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ осы Шарттардың талаптарына сәйкес құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

4. Депозиттік сертификаттардың бастапқы құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі.

5. Банк банктік депозиттік сертификатты шығарады және Ұстаушының меншігіне осы сертификатты береді, ал Ұстаушы қандай да бір ауыртпалығы жоқ сертификатты қабылдайды және оның құнын төлейді. Банктік депозиттік сертификатты сатып алу-сатуды ресімдеу Банк бөлімшелерінде және/немесе мобильді қосымшада жүзеге асырылады. Мобильді қосымшада банктік депозиттік сертификатты сатып алу-сату шартын ресімдеу процесі осы Шарттардың 1-қосымшасында сипатталған. Клиент Мобильді қосымшада өтініш беру арқылы банктік депозиттік сертификаттарды Сатып алу-сату шартына (Қосылу шартына) қосылады.

Банктік депозиттік сертификатты шығару және меншікке беру рәсімі келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) жеке тұлға Банкке жүгінген күні, егер жеке тұлға күндізгі сағат 17-00-ге дейін жүгінсе немесе Мобильді қосымшада банктік депозиттік сертификатты сатып алуға өтініш берген күні;

2) жеке тұлға Банкке жоғарыда көрсетілген уақыттан кеш жүгінген кезде банктік депозиттік сертификатты шығару және Ұстаушының меншігіне беру келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады. Мобильді қосымшада банктік депозиттік сертификатты сатып алуға өтінішті тәулік бойы беруге болады.

6. Банктік депозиттік сертификатты шығару және меншікке беру рәсімі келесі кезеңдерден тұрады:

1) Клиент теңгемен Ағымдағы шот / Дебет карточкасын ашады, Ағымдағы шотқа / Дебет карточкасына банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны мөлшерінде ақша енгізеді;

2) Клиент пен Банк Шартқа қол қояды;

3) Шарт шеңберінде Банк Клиентке жеке шот ашады;

4) Банктің пайдасына Ағымдағы шоттан/Дебет карточкасынан банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны мөлшеріндегі ақша сомасы есептен шығарылады;

5) Банк банктік депозиттік сертификат шығарады және оны Ұстаушының жеке шотына аударады.

Ұстаушының банктік депозиттік сертификатқа меншік құқығы банктік депозиттік сертификат оның жеке шотына аударылғаннан кейін пайда болады.

7. Банктік депозиттік сертификатты қызмет көрсетуге қабылдау Шарт негізінде жүзеге асырылады.

8. Банктік депозиттік сертификатты Мобильді қосымшада сатып алу-сатуды ресімдеуді қоспағанда, банктік депозиттік сертификатқа қызмет көрсетуді Банк жұмыс күндері Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

9. Банк өз қалауы бойынша кез келген уақытта банктік депозиттік сертификаттарды шығаруды және сатуды тоқтата тұруға, шектеуге немесе тоқтатуға құқылы.

3. Шығарылған банктік депозиттік сертификаттарды есепке алу және мәмілелерді тіркеу тәртібі

10. Банктік депозиттік сертификаттармен мәмілелерді есепке алуды, растауды және тіркеуді Банк Банктің ішкі құжаттарына және осы Шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

11. Банк банктік депозиттік сертификаттарға қатысты келесі операцияларды жүргізеді:

1) банктік депозиттік сертификатты жеке шотқа есептеу;

2) банктік депозиттік сертификатты өтеу;

3) банктік депозиттік сертификатты жеке шоттан есептен шығару;

4) банктік депозиттік сертификаттар бойынша кепілдің туындауын/тоқтатуды тіркеу;

5) банктік депозиттік сертификаттар бойынша құқықты растау;

6) банктік депозиттік сертификаттар бойынша сыйақы есептеу;

7) осы Шарттарда көзделген және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де операциялар.

Банк:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай шешім қабылдау құқығына ие мемлекеттік органдардың және өзге де тұлғалардың шешімдері негізінде шектеулер болған;

2) Клиентте не қайталама нарықта банктік депозиттік сертификатты сатып алу-сату мәмілесі шеңберінде не өзге мәміле шеңберінде Ұстаушыдан банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтарды сатып алған үшінші тұлғада теңгемен Ағымдағы шот/Дебет карточкасы болмаған;

3) бұйрықты ұсынған адамды сәйкестендіру мүмкін болмаған;

4) бұйрық деректемелерінің осы Шарттарда белгіленген деректемелерге немесе жеке шоттың деректемелеріне сәйкес келмеген;

5) үшінші тұлға сенімхат негізінде операция жасаған жағдайларда;

6) Банктің ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда операцияларды жүргізуден бас тартуға құқылы.

12. Банктен банктік депозиттік сертификатты алғаш сатып алған кезде сертификатты Ұстаушының жеке шотына аудару жоғарыдағы 6-тармаққа сәйкес Шарт негізінде жүргізіледі.

Банктік депозиттік сертификатты сатып алу үшін Клиенттің міндетті түрде теңгемен Ағымдағы шоты/Дебет карточкасы болуы тиіс, ол банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны мөлшерінде ақша енгізу және кейіннен Банк осы соманы банктік депозиттік сертификатты төлеу есебіне аудару үшін қажет.

Банктік депозиттік сертификатқа қатысты мәмілелер жасау кезінде қайталама нарықта банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтарды сатып алатын жеке тұлға міндетті түрде Банкте келесі әрекеттерді жүзеге асыруы қажет:

1) Банктің банктік депозиттік сертификат бойынша тиісті төлемдерді жүзеге асыруы үшін теңгемен Ағымдағы шот / Дебет карточкасын ашу;

2) Банктік депозиттік сертификат бойынша құқық беру шеңберінде «Home Credit Bank» АҚ-да банктік депозиттік сертификатты есепке жазу/есептен шығаруды тіркеу туралы бұйрыққа қол қою(2-қосымша).

Ағымдағы және/немесе жеке шот ашу үшін қажетті құжаттар тізбесі Банктің ішкі құжаттарымен айқындалады.

Банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтарды басқа жеке тұлғаға беретін Ұстаушы сол құқықтарды беру шеңберінде «Home Credit Bank» АҚ-да банктік депозиттік сертификатты есепке жазу/есептен шығаруды тіркеу бұйрығын (2-қосымша) Банкте ресімдеуі қажет.

Банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтарды беру жөніндегі операцияларды жасау үшін Ұстаушыға және банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтарды сатып алатын басқа жеке тұлғаға Банкке жүгіну және операцияның жасалғанын растайтын құжаттарды ұсыну қажет.

Банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтар заңды тұлғаға ауысқан кезде Банк төлеген сыйақыны шегере отырып, банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құнының сомасын Банкте ашылған Ұстаушының Ағымдағы шотына/Дебет карточкасына не деректемелерін заңды тұлға ұсынған өзге шотқа аудару арқылы банктік депозиттік сертификатты мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырады.

13. Банк жеке шоттарды 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген бұйрықтардың және/немесе Шарттың негізінде банктік депозиттік сертификатты есепке алу мақсатында ғана ашады. Жеке шот бір банктік депозиттік сертификатты есепке алу үшін ашылады.

14. Банктік депозиттік сертификаттармен операциялар жасауға бұйрықтар жұмыс күндері Банк бөлімшелерінде ресімделеді. Банктік депозиттік сертификаттармен операциялар жасауға бұйрықтарды Банк 3 (үш) жұмыс күні ішінде орындайды.

15. 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ұстаушының жеке шотынан үзінді көшірме банктік депозиттік сертификатқа құқықты растау болып табылады. Ұстаушының сұрауы

бойынша жұмыс күндері Банктің уәкілетті қызметкеріне жүгіну арқылы Банк өтініш жасалған күні жеке шоттан қағаз жеткізгіштегі үзінді көшірмені ұсынады.

16. Банктік депозиттік сертификаттар бойынша құқық кепілінің туындауын (бұдан әрі мәтін бойынша – кепілдің туындауы), банктік депозиттік сертификаттар бойынша құқық кепілін тоқтатуды (бұдан әрі мәтін бойынша – кепілді тоқтату) тіркеуді Банк кепіл берушінің және кепіл ұстаушының бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.

Кепіл нысанасы болып табылатын банктік депозиттік сертификаттан өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Банктік депозиттік сертификаттар бойынша құқық кепілін тіркеуге бұйрық 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Банктік депозиттік сертификаттар бойынша кепілдің туындауын тіркеу Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте банктік депозиттік сертификат уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес банктік депозиттік сертификаттардың айналысы тоқтатыла тұрған кезеңде кепіл нысанасы бола алмайды.

Кепілдің тоқтатылған күні Банктік депозиттік сертификаттардың айналысы тоқтатылған күні не одан кешірек белгіленуі мүмкін емес.

Банк бұрын тіркелген тиісті кепілдің туындауы болмаған кезде кепілдің тоқтатылуын тіркеуді жүзеге асырмайды.

Белгілі бір күнге кепіл берушінің жеке шоты бойынша үзінді көшірме жасалған кезде оған ауыртпалықтар туралы ақпарат та енгізіледі.

17. Жеке шот бойынша мәмілелерді тіркеуді және өзге де операцияларды жасауды тоқтата тұру және қайта бастау олар банкке келіп түскен күні Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың және осындай шешімдерді қабылдау құқығы бар өзге де тұлғалардың шешімдері негізінде жүзеге асырылады. Банк Ұстаушыға жеке шот бойынша мәмілелерді тіркеуді тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы хабарламайды.

18. Ұстаушының жеке шоты төмендегі негіздердің кез келгені бойынша жабылуға тиіс:

- 1) осы шот бойынша банктік депозиттік сертификат есептен шығарылған күні;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

19. Банктік депозиттік сертификаттардың бухгалтерлік есебі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Банктік депозиттік сертификаттарға сәйкестендіру нөмірлерін беру тәртібі

20. Банкішілік сәйкестендіру және банктік депозиттік сертификаттарды есепке алуды жүйелеу мақсатында Банк банктік депозиттік сертификаттарға реттік цифрлық код түрінде сәйкестендіру нөмірлерін береді. Банктік депозиттік сертификаттарға реттік цифрлық код Банктің автоматтандырылған жүйесімен интеграцияланған UFO жүйесінде беріледі.

5. Банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құнының минималды және максималды мөлшері

21. Банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құнының минималды мөлшері - 500 000 (бес жүз мың) теңге, бірақ 1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңгеден аспайды. Банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны 1000 (бір мың) есе болуы тиіс Бір Клиентке шығарылатын банктік депозиттік сертификаттардың саны шектелмеген.

6. Банктік депозиттік сертификат айналысының минималды және максималды мерзімі

22. Банктік депозиттік сертификаттың айналыс мерзімі Шартпен анықталады және 12, 24, 36 және 60 айды құрайды.

7. Банктік депозиттік сертификаттар бойынша сыйақыны есептеу және төлеу тәртібі

23. Шарттардың 22-тармағында көрсетілген айналыс мерзімі ішінде сыйақыны есептеу банктік депозиттік сертификат шығарылған күннен бастап күн сайын жүргізіледі. Сыйақы келесі мөлшерлемелер бойынша есептеледі: 12 ай мерзімге шығарылатын банктік депозиттік сертификат үшін жылдық 17% (он жеті пайыз), 24 ай мерзімге шығарылатын банктік депозиттік сертификат үшін жылдық 17,25% (он жеті бүтін жүзден жиырма бес пайыз), 36 ай мерзімге шығарылатын банктік депозиттік сертификат үшін жылдық 17,5% (он жеті бүтін оннан бес пайыз) және 60 ай мерзімге шығарылатын банктік депозиттік сертификат үшін жылдық 17,25% (он жеті бүтін жүзден жиырма бес пайыз). Сыйақы мөлшерлемесі тіркелген. Сыйақы күн сайын төленеді.

Күнделікті сыйақы банктік депозиттік сертификаттың номиналды құнының, банктік депозиттік сертификат бойынша сыйақы мөлшерлемесінің жылдың нақты күндеріне бөлінген туындысы ретінде есептеледі. Сыйақыны есептеу үшін келесі уақытша база қолданылады: бір жылдағы нақты күндер саны/банктік депозиттік сертификат айналысының бір айдағы нақты күндер саны.

Егер Банк шешім қабылдаған күні Ұстаушының барлық банктік депозиттік сертификаттары құнының жиынтық көлемі 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеге тең немесе одан асатын болса, Ұстаушының жазбаша өтініші бойынша Банк сыйақы мөлшерлемесін 2 (екі) %-ға дейін ұлғайту туралы шешім қабылдай алады. Осы абзацқа сәйкес сыйақы мөлшерлемесін өзгерту Банк пен Ұстаушы арасындағы жазбаша келісіммен ресімделеді. Осы абзацта көрсетілген шарттар Банкпен ерекше қатынастары бар тұлғаларға қолданылмайды.

Егер Банк шешім қабылдаған күні Ұстаушының және оның жақын туыстарының және/немесе жұбайының/зайыбының барлық банктік депозиттік сертификаттары құнының жиынтық көлемі 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеге тең немесе одан асатын болса, Ұстаушының жазбаша өтініші бойынша Банк сыйақы мөлшерлемесін 2 (екі) %-ға дейін ұлғайту туралы шешім қабылдай алады. Ұстаушы өтінішке Банктің талаптарына сәйкес растайтын құжаттарды (туу туралы куәлік, неке қию туралы куәлік және өзге де растайтын құжаттар) қоса беруге міндетті. Бұл ретте Банк сыйақы мөлшерлемесін ұлғайту туралы шешімді жүргізген Ұстаушыға қатысты қабылдайды. Осы абзацқа сәйкес сыйақы мөлшерлемесін өзгерту Банк пен Ұстаушы арасындағы жазбаша келісіммен ресімделеді. Осы абзацта көрсетілген шарттар Банкпен ерекше қатынастары бар тұлғаларға қолданылмайды.

24. Банктік депозиттік сертификат бойынша сыйақы мен номиналды құнын Банк шарттардың 12-тармағында көзделген талаптарды ескере отырып, Банктегі Ұстаушының Ағымдағы шотына/ Дебет картасына (егер сатып алу кезінде номиналды құн сомасын есептен шығару дебет картасына байланған шоттан жүргізілген болса) ақша аудару жолымен төлейді.

25. Банктік депозиттік сертификат Ұстаушының талабы бойынша оның айналыс мерзімі аяқталғанға дейін мерзімінен бұрын өтелген жағдайда сыйақы төленбейді, ал осы банктік депозиттік сертификат бойынша Банк төлеген сыйақы оның номиналды құнынан ұсталады.

Банктік депозиттік сертификат мерзімінен бұрын өтелген кезде Банк төлеген сыйақы сомасын ұстап қалу, оның ішінде банктік депозиттік сертификат айналыс мерзімі ішінде банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтар ауысқан жағдайларда толық көлемде жүргізіледі.

8. Банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құнын төлеу шарттары мен тәртібі

26. Банктік депозиттік сертификатты айналыс мерзімі өткеннен кейін жеке шоттан есептен шығаруды Банк депозиттік сертификаттың айналыс мерзімі аяқталған күні жүргізеді.

Банк айналыс мерзімі аяқталған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Ұстаушының Ағымдағы шотына /Дебет карточкасына ақша аудару (егер сертификатты сатып алу кезінде бастапқы құн сомасы дебет картасына байланған шоттан есептен

шығарылса) арқылы осы Шарттардың 23-тармағында айқындалған есептелген сыйақымен бастапқы құнды төлеуді жүргізеді.

27. Ұстаушының Ағымдағы шотына/Дебет карточкасына айналыс мерзімі өткеннен кейін банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны мен есептелген сыйақы мөлшерінде ақша сомасын аударған сәттен бастап Банктің міндеттемелері орындалды деп есептеледі.

28. Банктік депозиттік сертификатты өтеу кезінде, оның ішінде мерзімінен бұрын өтеу кезінде бұйрық беру талап етілмейді.

29. Айналыс мерзімі аяқталғанға дейін банктік депозиттік сертификатты мерзімінен бұрын өтеу үшін Ұстаушы Шарттарға 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша өтінішпен Банкке жүгінеді. Ұстаушы банктік депозиттік сертификатты оның айналыс мерзімі өткенге дейін мерзімінен бұрын өтеу талабымен жүгінген жағдайда, сондай-ақ Шарттардың 3-тарауының 12-тармағының соңғы абзацында көзделген талаптар басталған кезде Банк банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құнын банктік депозиттік сертификат бойынша Банк төлеген сыйақыны шегере отырып, Ұстаушының Ағымдағы шотына/Дебет карточкасына (егер сертификатты сатып алу кезінде бастапқы құн сомасы дебет картасына байланған шоттан есептен шығарылса) төлеуді Ұстаушы жүгінген күннен бастап күнтізбелік 31 (отыз бірінші) күні жүзеге асырады.

30. Банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құнын ішінара төлеуге жол берілмейді.

31. Банктік депозиттік сертификатты мерзімінен бұрын өтеген кезде Банктің банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны мөлшеріндегі ақша сомасын қайтару жөніндегі міндеттемелері осы Шарттардың ережелерін ескере отырып, Ұстаушының Ағымдағы шотына/Дебет карточкасына банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны мөлшеріндегі ақша сомасын аударған кезден бастап орындалған болып есептеледі.

Банктік депозиттік сертификаттың айналыс мерзімі ішінде Ұстаушының жазбаша өтініші бойынша, егер Ұстаушы Банк шешім қабылдаған күні оның барлық банктік депозиттік сертификаттары құнының жиынтық көлемі 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеге тең немесе одан асқан жағдайда, Банк одан банктік депозиттік сертификатты сатып алу туралы шешім қабылдай алады. Банктік депозиттік сертификатты сатып алуды жүзеге асыру кезінде Банк банктік депозиттік сертификаттың номиналды құнын және сатып алу күніне есептелген сыйақыны Ұстаушы өтініш берген күні Ұстаушының Ағымдағы шотына/Банкте бар/ашылған дебет карточкасына қолма-қол ақшасыз нысанда ақша аудару жолымен төлеуді жүргізеді. Банктік депозиттік сертификатты қайта сатып алу Банк пен Ұстаушы арасында жазбаша келісіммен ресімделеді. Банктің банктік депозиттік сертификатты Ұстаушыдан ішінара сатып алуы көзделмеген. Банктік депозиттік сертификатқа ауыртпалық салынған жағдайда, Банктің оны Ұстаушыдан сатып алуы көзделмеген. Осы абзацта көрсетілген шарттар Банкпен ерекше қатынастары бар тұлғаларға қолданылмайды. Банк өз бастамасы бойынша Ұстаушылардан банктік депозиттік сертификаттарды мерзімінен бұрын қайта сатып алмайды.

9. Тұрақсыздық айыбын төлеу тәртібі мен шарттары

32. Депозиттік сертификаттар уақтылы өтелмеген және (немесе) депозиттік сертификаттар бойынша сыйақы уақтылы төленбеген жағдайда, Банк Ұстаушыға әрбір күн үшін төленбеген соманың 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ 5%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді. Тұрақсыздық айыбы оны Ұстаушының ағымдағы шотына/Дебет карточкасына аудару арқылы төленеді.

10. Шартқа қол қоюға уәкілетті Банк қызметкерлерінің тізбесі

33. Басқарма мүшелері, Бас бухгалтер, филиал директорлары, Филиалдардың бас бухгалтерлері, Сату бағыттарының жетекшілері, Бөлімше басқарушылары, Бизнесіті дамыту жөніндегі менеджерлер, Банктік операциялар департаменті Заңды және жеке тұлғалармен

жұмыс жөніндегі басқармасының бастығы, Банктік операциялар департаменті Фронт-кеңсе бөлімінің бастығы, супервайзерлер.

11. Банктік депозиттік сертификаттарды шығаруға байланысты өзге де талаптар

34. Банк банктік депозиттік сертификатқа қызмет көрсету кезінде Банктің тиісті ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ішкі бақылау шараларын іске асыруды жүзеге асырады.

35. Ұстаушымен іскерлік қатынастар орнату нәтижесінде алынған ақпарат, сондай-ақ құжаттар (оның ішінде Ұстаушының жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі, Шарт, бұйрықтар және т.б.) Банк қалыптастыратын Ұстаушының деректеріне енгізіледі.

36. Қазақстан Республикасының заңнамасына тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда, егер мұндай өзгерістер Ұстаушылардың жағдайын нашарлатуға әкеп соқпаса, сондай-ақ Банктің Шартта көзделген өз міндеттемелерін тиісінше орындауын жоққа шығармаса, Банк банктік депозиттік сертификаттарды өтеу тәртібін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

37. Клиент/Ұстаушы Банкте ағымдағы шот ашқан кезде Банкке ұсынған дербес деректерін Банк банктік депозиттік сертификаттарды шығару және қызмет көрсету кезінде, оның ішінде мәмілелерді тіркеу үшін пайдаланады. Клиенттің/Ұстаушының дербес деректері өзгерген жағдайда оларды жаңарту Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

38. Осы Шарттар Банктің Директорлар кеңесі бекіткен сәттен бастап күшіне енеді. Банктік депозиттік сертификат шығарылған кезде қолданыстағы Талаптар оның барлық айналым мерзіміне өзгеріссіз қалады.

12. Қосымшалар тізімі

1. 1-қосымша (Мобильді қосымшада банктік депозиттік сертификатты сатып алу-сатуды ресімдеу процесі);

2. 2-қосымша (Банктік депозиттік сертификат бойынша құқық беру шеңберінде «Home Credit Bank» АҚ-да банктік депозиттік сертификатты есепке жазу/есептен шығаруды тіркеу туралы бұйрық);

3. 3-қосымша (Жеке шоттан үзінді көшірме);

4. 4-қосымша (Банктік депозиттік сертификаттар бойынша құқық кепілін тіркеуге бұйрық);

5. 5-қосымша (Банктік депозиттік сертификатты мерзімінен бұрын өтеуге өтініш);

6. 6-қосымша (Банктік депозиттік сертификат бойынша сыйақы төлемін өзгертуге өтініш).

УТВЕРЖДЕНЫ
Решением Совета директоров
АО «Home Credit Bank»
протокол № 24/2024 от 31.07.2024

УСЛОВИЯ

ВЫПУСКА И ОБСЛУЖИВАНИЯ БАНКОВСКИХ

ДЕПОЗИТНЫХ СЕРТИФИКАТОВ ПО

ПРОДУКТУ «СТАНДАРТНЫЙ»

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

«HOME CREDIT BANK»

(АО «HOME CREDIT BANK»)

г. Алматы, 2023 год

Справочная информация

Название:	Условия выпуска и обслуживания банковских депозитных сертификатов по продукту «Стандартный»				
Версия:	9.5				
Подразделение – ответственный разработчик:	Департамент розничного фондирования				
Уровень доступа:	Общий				
Отв. разработчик:	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата	Конт. тел.
	Эксперт отдела развития продуктов оффлайн фондирования	Сағымбекова А.			

Хронология изменений и дополнений в документ

Ф.И.О. исполнителя	Версия	Описание	Дата
МаксUTOва А.	1.0	В связи с введением новых продуктов были разработаны новые условия.	27.09.2019
МаксUTOва А.	2.0	В связи с запуском продукта в Мобильном приложении	29.11.2019
Илимжанова А.	3.0	В связи с изменением ставки вознаграждения	28.09.2020
Илимжанова А.	4.0	В связи с изменением ставки вознаграждения, расширения списка лиц, уполномоченных на подписание договоров.	30.04.2021
Илимжанова А.	5.0	В связи с изменением максимальной суммы банковского депозитного сертификата	10.07.2021
Илимжанова А.	5.1	В связи с изменением списка уполномоченных лиц	19.11.2021
Акжаркенов Н.	5.2	В связи с изменением ставки вознаграждения	10.01.2022
Акжаркенов Н.	5.3	В связи с изменением ставки вознаграждения, а так же дополнительного условия индивидуального увеличения ставки вознаграждения	31.01.2022
Акжаркенов Н.	5.4	В связи с изменением ставки вознаграждения	10.03.2022
Акжаркенов Н.	6.0	В связи с дополнением условия увеличения ставки вознаграждения для держателей, а также условием обратного выкупа	31.03.2022
Акжаркенов Н.	7.0	В связи с изменением ставки вознаграждения	07.04.2022
Акжаркенов Н.	7.1	В связи с дополнением условия индивидуального увеличения ставки вознаграждения	31.05.2022
Акжаркенов Н.	7.2	В связи с дополнением возможности изменения счета для выплаты вознаграждения и изменения ставки вознаграждения	29.07.2022

Акжаркенов Н.	8.0	В связи с перерегистрацией Банка	31.08.2022
Акжаркенов Н.	8.1	В связи с изменением ставки вознаграждения	28.10.2022
Акжаркенов Н.	8.2	В связи с дополнением срока покупки БДС	23.12.2022
Акжаркенов Н.	9.0	В связи с изменением периодичности выплаты вознаграждения	24.03.2023
Акжаркенов Н.	9.1	В связи с дополнением условия индивидуального увеличения ставки вознаграждения	31.07.2023
Сағымбекова А.	9.2	В связи с дополнением нового срока и ставки вознаграждения.	31.10.2023
Сағымбекова А.	9.3	В связи с изменением ставки вознаграждения	31.01.2024
Сағымбекова А.	9.4	В связи с внесением изменений максимальной суммы.	14.02.2024
Сағымбекова А.	9.5	В связи с изменением ставки вознаграждения	31.07.2024

